«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУ-АҒАРТУ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПТІК ОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ «КАЗАХСТАНСКИЙ ОТРАСЛЕВОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ СОЮЗ РАБОТНИКОВ ПРОСВЕЩЕНИЯ, НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ»

АТҚАРУ КОМИТЕТІ **ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

02.10.2026 жыл **№ 11, 2-т.**

Ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарында гранттық және жобалық қызметті іске асыру жағдайында ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің еңбек құқықтарының бұзылуының алдын алу шаралары туралы.

Орталық комитет Аппаратының Құқықтық жұмыс, әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру және ЕҚжЕҚ (еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі) бөлімінің «Ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарындағы гранттық және жобалық қызметті жүзеге асыру жағдайында ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің еңбек құқықтарының бұзылуын алдын алу шаралары туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Атқару комитеті келесілерді атап өтеді:

Ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің еңбек құқықтарын бұзудың алдын алу мәселесі гранттық және жобалық қызметтің белсенді дамуы жағдайында ерекше өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындары сыртқы қаржыландыру есебінен зерттеулерді, білім беру бастамалары мен технологиялық жобаларды жиі жүзеге асыруда.

Бұл ғылым үшін және қызметкерлердің кәсіби өсуі үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, бірақ бір мезгілде жұмыспен қамтудың тұрақсыздығы, еңбекақы төлеудің ашық еместігі және қызметкерлерге қосымша міндеттерді негізсіз жүктеу тәуекелдерін арттырады.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әділдік қағидаттары мен азаматтардың құқықтарын қорғауды нығайтуға бағытталған ауқымды конституциялық реформалар контекстінде еңбек қатынастарын құқықтық реттеу тұжырымдамалық өзгерістерге ұшырады.

Бұл бағыттағы маңызды қадам «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, қызметкерлердің еңбек құқықтары мен әлеуметтік қамсыздандыруды қорғау

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2026 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы болды, ол еңбек және азаматтық-құқықтық шарттарды ажырату тәсілдерін түбегейлі қайта қарады.

Бұл түзетулер конституциялық еңбек жағдайлары мен әлеуметтік кепілдіктердің іске асуына тікелей ықпал ете отырып, еңбек қатынастарын азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімдермен алмастыру практикасын жоюға бағытталған.

Көбінесе жоғары оқу орындары шығындарды оңтайландыру және әкімшілік рәсімдерді жеңілдету мақсатында профессор-оқытушылар құрамын гранттық жобалар шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) орындауға ақылы қызмет көрсету шарттары негізінде тартатыны жиі кездеседі.

Мұндай тәжірибе азаматтық-құқықтық және еңбек қатынастарын ажырату бөлігінде құқықтық белсіздік пен анықсыздық тудырады, сондай-ақ ҒЗЖ орындауға тартылатын тұлғалардың еңбек заңнамасында көзделген әлеуметтік кепілдіктерден, соның ішінде ақы төленетін демалыстардан, іссапар шығыстарын өтеуден және уақытша еңбекке жарамсыздыққа байланысты төлемдерден айырылып қалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Ғылым ұйымдары мен ЖОО-лардың практикалық қызметінде жаңа заңнамалық талаптар қатынастарды рәсімдеуге сараланған түрде қарау қажеттігін туындатады.

Осындай жағдайда кәсіподақ органдарының алдында еңбекақы төлеу, еңбек және демалыс режимі бөлігінде қызметкерлердің кепілдік берілген еңбек құқықтарын қамтамасыз ету міндеттері тұр.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарына гранттарды, ғылыми жобаларды, мемлекеттік тапсырмаларды және мақсатты қаржыландырылатын өзге де жұмыстарды орындауға қатысатын ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің еңбек құқықтарының сақталуын құқықтық қорғау нысандарымен қамтамасыз ету жүктелсін.

2. Ғылым және жоғары білім саласындағы бастауыш ұйымдардың кәсіподақ комитеттері:

- қызметкерлерді жобаларға қатысу шарттары, олардың міндеттері мен күтілетін еңбек сыйымдылығы туралы хабардар ету тәсілдері мен мерзімдерін;
- міндеттерді бөлу және жұмыс уақытын есепке алу тәртібін;
- сыйлықақыны есептеу және төлеу тәртібі мен мерзімдерін;
- қызметкерге оның жобаға қатысуына байланысты есептеулер туралы ақпарат беру тәртібін айқындайтын ережелерді ұжымдық шарттарға енгізуге қол жеткізсін.

3. Кәсіподақтың Аппаратына (А.М. Мұқашева, В.Ф. Беженаров):

- ғылым және жоғары білім саласы қызметкерлерінің еңбек, жұмыспен қамту жағдайлары мен әлеуметтік кепілдіктерін белгілеу бойынша 2027-2029

жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімнің жобасына гранттық және жобалық қызметті жүзеге асыру жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған ережелерді дайындап, енгізу;

- еңбекақы төлеу және жұмыс уақытының режимі мәселелеріне баса назар аудара отырып, бақылау жиілігін арттыра отырып, ғылыми ұйымдар мен ЖОО қызметкерледнің құқықтарының сақталуына кәсіподақтық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жандандыру тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға **А. Мұқашева**